

Бейнелеу өнерінен ата-аналарға кеңес!

1. Нәтиже емес, процесс маңызды

Баланың салған суреті «дұрыс» немесе «әдемі» болуы шарт емес. Оған: «Бұл не салдың?», «Мына жердегі түстер маған өте көңілді көрінеді, айтып бере аласың ба?» деп сұрақ қойыңыз. Ол өз ойын жеткізуге тырысқаны үшін мақтаңыз.

2. Шығармашылыққа орта жасаңыз

Үйде баланың сурет салуына арналған арнайы бұрыш немесе қорапша болсын.

Оған қажетті құралдар:

Әртүрлі көлемдегі қағаздар (А4, үлкен форматтар).

Сапалы бояулар (гуашь, акварель).

Түрлі-түсті қарындаштар мен фломастерлер.

Ең бастысы - кедергісіз еркіндік.

3. Баға бермеңіз, түсінуге тырысыңыз

«Мынау түсініксіз екен» немесе «Адамды бұлай салмайды» деген сияқты сын сөздерден аулақ болыңыз. Бұл баланың өзіне деген сенімділігін жоғалтады. Оның орнына: «Сен бұл суретте не сезініп отырсың?» деп сұрап, оның ішкі әлемін түсінуге тырысыңыз.

4. Бірге жасаңыз (Бірлескен шығармашылық)

Баламен бірге сурет салыңыз. Сіз гүл салсаңыз, ол оның қасына көбелек салады. Бұл - ата-ана мен бала арасындағы сенімді қалыптастыратын ең жақсы уақыт өткізу тәсілі.

5. Қателіктен қорықпауға үйретіңіз

Суретте «қате» болмайды. Егер бала қателесіп кетсе, оны өшіргішпен өшіріп тастауға емес, сол «қатені» жаңа бір детальға айналдыруға үйретіңіз. Бұл оның өмірде қиындыққа тап болғанда шығармашылықпен жол табуына көмектеседі.

Ата-аналарға арналған шағын жадынама:

Не істеу керек	Неден аулақ болу керек
Мадақтау (әрекетін, еңбегін)	Сын айту (ұнамағанын білдіру)
Өзіндік ойын құптау	Дайын үлгіні көшіруге мәжбүрлеу
Сурет салуға уақыт бөлу	«Қазір уақыт жоқ» деп шектеу

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бейнелеу
өнерінен 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: №1 «Бәйтерек» балабақшасы

Топ: «Алтынай», «Ботақан», «Балауса», «Жұлдызша» ересек

Балалардың жасы: 4 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы, 2025-2026оқу жылы.

Ұйымдастырылған іс әрекеттер	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Сурет салу	<p>Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір- біріне арақатынасын беру.</p> <p>Жаңбыр»</p> <p>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.</p> <p>«Кірпіге арналған алма»</p> <p>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу.«Менің ойыншықтарым»</p> <p>Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. «Қуыршақтың қоныс тойы»</p>
Мүсіндеу	<p>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу. «Пирамида»</p> <p>Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тәнерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. «Қоянға арналған сәбіз бен қызылша»</p>
Жапсыру	<p>-қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлаумен қиялды дамыту;</p> <p>Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.</p> <p>«Ешкіге арналған қоршау»</p> <p>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. «Тәрелкедегі алмалар»</p>

Білім беру ұйымы: №1 «Бәйтерек» балабақшасы

Топ: «Алтынай», «Ботақан», «Балауса», «Жұлдызша» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жастан

Қазан айы, 2025-2026 оқу жылы.

Ұйымдастырылған іс -әрекеттер	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Сурет салу	<p>Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.</p>

Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.
Жапсыру	Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.

Білім беру ұйымы: №1 «Бәйтерек» балабақшасы
Топ: «Алтынай», «Ботақан», «Балауса», «Жұлдызша» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Қараша айы, 2025-2026 оқу жылы.

Ұйымдастырылған іс әрекеттер	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Сурет салу	Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.
Мүсіндеу	Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету, жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу.
Жапсыру	Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.

Білім беру ұйымы: №1 «Бәйтерек» балабақшасы
Топ: «Алтынай», «Ботақан», «Балауса», «Жұлдызша» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Желтоқсан айы, 2025-2026 оқу жылы.

Ұйымдастырылған іс әрекеттер	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Сурет салу	Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір- біріне арақатынасын беру.
Мүсіндеу	Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.

	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.
Жапсыру	Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.

Білім беру ұйымы: №1 «Бәйтерек» балабақшасы
Топ: «Алтынай», «Ботақан», «Балауса», «Жұлдызша» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Қаңтар айы, 2025-2026 оқу жылы.

Ұйымдастырылған іс әрекеттер	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Сурет салу	Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір- біріне арақатынасын беру. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.
Мүсіндеу	Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Тазалыққа, ұқыпты-лыққа тәрбиелеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.
Жапсыру	Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.

Білім беру ұйымы: №1 «Бәйтерек» балабақшасы
Топ: «Алтынай», «Ботақан», «Балауса», «Жұлдызша» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Ақпан айы, 2025-2026 оқу жылы.

Ұйымдастырылған іс әрекеттер	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Сурет салу	Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.
Мүсіндеу	Саусақ маторикаларын дамыту. Ұқыпты жұмыс істеуге тәрбиелеу. Тазалыққа, ұқыпты-лыққа тәрбиелеу. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.

	Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.
Жапсыру	Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды киноға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.

Білім беру ұйымы: №1 «Бәйтерек» балабақшасы
Топ: «Алтынай», «Ботақан», «Балауса», «Жұлдызша» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Наурыз айы, 2025-2026 оқу жылы.

Ұйымдастырылған іс әрекеттер	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Сурет салу	Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. «Әдемі табак» (сәндік сурет салу) «Бауырсақ» (сюжеттік сурет салу) «Астауды безендіреміз» (Сәндік сурет салу) «Алтын балығы бар аквариум» (заттық сурет салу)
Мүсіндеу	Жұмысты таза ұқыпты орындауға тәрбиелеу. Ұқыпты жұмыс істеуге тәрбиелеу. Тазалыққа, ұқыпты-лыққа тәрбиелеу. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. «Бауырсақ» (сюжеттік мүсіндеу) «Торсықты безендіру» (сәндік мүсіндеу)
Жапсыру	Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.

Білім беру ұйымы: №1 «Бәйтерек» балабақшасы
Топ: «Алтынай», «Ботақан», «Балауса», «Жұлдызша» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Сәуір айы, 2025-2026 оқу жылы.

Ұйымдастырылған іс әрекеттер	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Сурет салу	Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. «Жайлауда» (сюжеттік сурет салу) «Алтын масак» (заттық сурет салу)

	«Қаңқызы» (заттық сурет салу) «Ертегі үйі» (заттық сурет салу)
Мүсіндеу	Ұсақ қол қимылдарын, есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып, жәндіктерге деген қамқорлық сезімдерін ояту. Балаларды ұқыптылыққа, еңбекке тәрбиелеу. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. «Бауырсақ» (сюжеттік мүсіндеу) «Торсықты безендіру» (сәндік мүсіндеу)
Жапсыру	Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.

Білім беру ұйымы: №1 «Бәйтерек» балабақшасы
Топ: «Алтынай», «Ботақан», «Балауса», «Жұлдызша» ересек тобы
Балалардың жасы: 4-5 жас.
Мамыр айы, 2025-2026 оқу жылы.

Ұйымдастырылған іс әрекеттер	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Сурет салу	Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.
Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.
Жапсыру	Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. «Біздің досымыз әрі көмекшіміз –бағдаршам (заттық аппликация) «Күн сыйлығы – бақбақ гүл (сюжеттік аппликация)

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025 - 2026 оқу жылына арналған бейнелеу өнерінен
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: №1 «Бәйтерек» балабақшасы

Тобы: «Балдәурен», «Айгөлек», «Айналайын» мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сурет салу	Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар).
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.
Жапсыру	Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарының арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.

Білім беру ұйымы: №1 «Бәйтерек» балабақшасы

Тобы: «Балдәурен», «Айгөлек», «Айналайын» мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сурет салу	Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.
Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе

	тікбұрыштың бұрыштарының арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру.
--	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Білім беру ұйымы: №1 «Бәйтерек» балабақшасы

Тобы: «Балдәурен», «Айгөлек», «Айналайын» мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сурет салу	Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнгерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.
Мүсіндеу	Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.
Жапсыру	Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.

Білім беру ұйымы: №1 «Бәйтерек» балабақшасы

Тобы: «Балдәурен», «Айгөлек», «Айналайын» мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сурет салу	Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.
Мүсіндеу	Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. үсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.
Жапсыру	Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы

	<p>симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.</p>
--	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Білім беру ұйымы: №1 «Бәйтерек» балабақшасы

Тобы: «Балдәурен», «Айгөлек», «Айналайын» мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар 2026 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сурет салу	Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау.
Мүсіндеу	Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.
Жапсыру	Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.

Білім беру ұйымы: №1 «Бәйтерек» балабақшасы

Тобы: «Балдәурен», «Айгөлек», «Айналайын» мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан 2026 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сурет салу	Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.
Мүсіндеу	Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру.

Жапсыру	Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.
---------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Білім беру ұйымы: №1 «Бәйтерек» балабақшасы

Тобы: «Балдәурен», «Айгөлек», «Айналайын» мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз 2026 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сурет салу	Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.
Мүсіндеу	Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табак, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық және т.б.), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен және т.б.), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау және т.б.), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.
Жапсыру	Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.

Білім беру ұйымы: №1 «Бәйтерек» балабақшасы

Тобы: «Балдәурен», «Айгөлек», «Айналайын» мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір 2026 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сурет салу	Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің және басқалардың желісін жеткізе білуін жетілдіру. Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің

	желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өзбетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.
Мүсіндеу	Біртекгі заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру. Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Жапсыру	Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.

Білім беру ұйымы: №1 «Бәйтерек» балабақшасы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Тобы: «Балдәурен», «Айгөлек», «Айналайын» мектепалды

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр 2026 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сурет салу	Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу. Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.
Мүсіндеу	Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.
Жапсыру	Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.

**Ересек тобының бейнелеу өнері жетекшісінің ұйымдастырылған іс – әрекетінің циклограммасы:
(01.09–05.09.2025 жыл) «Балауса», «Жұлдызша», «Ботақан», «Алтынай»**

Апта күндері	Тақырыбы, іс – әрекеттің міндеттері	Қол саусақ жаттығулары.
<p>01.09.2025. Дүйсенбі</p>		
<p>03.09.2025. Сәрсенбі Жапсыру</p>	<p>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. Тақырыбы: «Тәрелкедегі алмалар»(сюжеттік аппликация) Міндеті: дайын бөліктерді бір – біріне қаысты етіп қоюға және жапсыруға, заттың сипаттық белгілерін бейнелеу өнерінің түрлі техникалары арқылы жеткізуге үйрету.Ұқыптылық, шыдамдылық, қызығушылықтарын тәрбиелеу.</p>	<p>«Тәрелкедегі алмалар» Тәрелкеде алмалар, (Алақанды дөңгелектеп, тәрелке сияқты көрсетеді.) Дөңгеленіп жатқанда. (Саусақтарды жұмырлап, алма сияқты көрсетіп, домалатады.) Қызыл, сары, жасыл да, (Әр қол саусағын кезекпен көтеріп, түстерді атап шығады.) Тәтті алмам тамаша! (Екі алақанды ауызға апарып, «жегендей» қимыл жасайды.) Бірін менің қолыма, (Бір қолын екінші алақаннан «алып» көрсетеді.) Бірін досыма сыйлаймын. (Қолды созып, сыйлағандай қимыл жасайды.)</p>
<p>05.09.2025 Жұма Сурет салу</p>	<p>Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір- біріне арақатынасын беру. Тақырыбы: «Жаңбыр» (сюжеттік сурет салу) Міндеті: суретте табиғаттың қарапайым құбылыстарын көрсету (жаңбыр),қылқаламды дұрыс және еркін ұстау дағдыларын бекіту; «сулау» тәсілімен ырғақты бояу жағу.</p>	<p>Жаттығу атауы: "Жаңбыр тамшылары" Нұсқаулық: 1.Қағаз бетіне бұлт пен жаңбырдың жалпы силуэтін салыңыз (немесе дайын шаблон қолданыңыз). 2.Саусақтың ұшын бояуға батырып, тамшы ізі секілді жаңбырды түсіріп шығыңыз.</p>

		<p>3.Әр саусақпен әртүрлі бағытта басуға болады (оң қол – сол жақ жаңбыр, сол қол – оң жақ жаңбыр).</p> <p>4.Түрлі-түсті бояумен жасауға болады: көк, көгілдір, күлгін</p>
<p>Күнделікті апсырмалар</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Негізгі және қосымша түсті тап» Дидактикалық ойын: «Артық заттарды тап?» Дидактикалық ойын: «Өрнек құрастыр» Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілінің түстерін ата» Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар: Алихан(Жұлдызша тобы): ұсақ қол моторикасын дамыту. Мариям(Жұлдызша): ұсақ қол моторикасын дамыту.</p>	<p>"Сикырлы сызықтар"</p> <p>Құралдар: – Қағаз – Гуашь немесе саусақ бояуы – Салфетка, су құтысы</p> <p>Орындау реті: 1.Қағаз бетіне жеңіл ою-өрнек немесе жолақ сызықтар салынады (спираль, толқынды сызық, зигзаг). 2.Қатысушы бояуға саусағын батырып, сол сызық бойымен дәл жүріп отырады. 3.Әр саусақпен жеке орындауға болады – бұл әр саусақтың қозғалысын белсендіреді. 4.Соңында қатысушылар өз жұмысын көріп, түстер мен пішіндер жайлы қысқаша пікір бөліседі.</p>

«Пішінді құрастыр» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды түстер мен пішіндерді ажыратып, құрастыра білуге үйрету; есте сақтау, көру, ажырату қабілеттерін дамыту.

Ойынның шарты: балалардың алдына әр түрлі пішіндер беріледі. Ол пішіндерден суреттегі көрсетілген заттарды құрастырады. Түсі мен пішінін дұрыс ажыратулары керек.



«Ұзын-қысқа» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды заттарды салыстыра отырып, заттардың қысқасын табуға және ұзының атауға үйрету.

Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақтар

Ойынның барысы: балаларға ұзын және қысқа жолақтар беріледі. Балалар жолақтарды салыстырады. Үстіне қою әдісін қолданады. Ұзын жолақты атайды. Үстелдің үстіне жолақтардың ішінен ұқсас жолақтарды табуға тырысады.



«Ұқсайды – ұқсамайды» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды заттардың түрі мен түсін, формасы мен көлемін және қандай материалдан жасалғанын салыстыру бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту.

Ойынның барысы. Педагог алдын-ала әртүрлі заттарды даярлап, оларды бөлмеге балаларға байқатпай орналастырады.

Педагог балаларға бөлмеде көптеген заттардың бар екенін, олардың бірдей және әртүрлі, ұқсас немесе мүлдем ұқсамайтындарын айтып, естеріне түсіреді:

- Балалар, біз бүгін бір-біріне ұқсас заттарды табамыз. Олар түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсас болуы мүмкін. Енді ойын ережесін тыңдаңдар, әрқайсың бөлмені аралап, екі ұқсас затты алыңдар да, орындарыңа отырыңдар. Мен кімді көрсетсем, сол бала қолындағы затты неге алғанын және олардың ұқсастықтары қандай екенін айтып беруі керек.

- Мысалы, қасық пен машина қалай ұқсас? Әрине, олар ұқсас емес.

- Ал, оларды ұқсас деген бала өз таңдауының дұрыс екендігін дәлелдеуге талпынады.



«Әр құсқа өз орнын тап» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларға әр құстың өзі мекендейтін орны туралы түсінік беру; ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойынның мазмұны: үйшік етіп дайындалған макет ішінде құстардың мекен ететін суреттері көрсетілген, сол суретке сәйкестендіріп, құстардың суреттерін орналастырады.



«Қайсы үлкендеу?» дидактикалық ойыны.

Мақсаты: зерттелуші заттың пішіні мен пропорциясына назар аударатырып, сипаттамалық ерекшеліктерін байқауды және атауды үйрету. Алма мен алмұрттың дөңгелек пішініне назар аудартып, оларды салыстыру барысында ұқсастықтары мен айырмашылықтарын атауды ұсынады. Балалар нақты сипап сезу үшін алма және алмұрттың нақпіншіндері болуы керек. Барысы: алма мен алмұртты қолдарына алып, ұстап көреді, екеуін салыстырады. Жемістердің сыртқы қабаты тегіс, алманың төменгі және жоғарғы жағы шұңқырлана бітеді, ал алмұрттың бір жағы созыңқы пішінді, ол жоғары жағына қарай жіңішкереді.



Дидактикалық ойын: «Жүйрік қайық»

Ойынның мақсаты:

Балаларды қағазбен жұмыс істеуге баули отырып, суреттегі нұсқаулық бойынша іс-әрекеттерді ретімен орындауға үйрету.

Міндеттері:

Білімділік: Қағазды бүктеу әдістерін (бұрыштарын келтіру, сызық бойымен тегістеу) меңгерту.

Дамытушылық: Балалардың саусақ моторикасын, кеңістікті бағдарлау қабілетін және зейінін дамыту.

Тәрбиелік: Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге, ұқыптылыққа және төзімділікке тәрбиелеу.

Қажетті құралдар:

А4 форматындағы ақ немесе түрлі-түсті қағаздар.

Дайын сызба-нұсқаулық (суреттегідей).

Ойынды жандандыру үшін: суы бар кішігірім науа (бассейн).

Ойынның шарты мен барысы:

Дайындық кезеңі: Педагог балаларға жұмбақ жасырады немесе теңіз саяхаты туралы қысқаша әңгіме айтады. «Балалар, біз бүгін теңізшілер боламыз, бірақ бізге саяхатқа шығу үшін қайық керек», - деп ойынды бастайды.

2. Нұсқаулықпен танысу: Балаларға суреттегі 1-ден 9-ға дейінгі кезеңдер көрсетіледі. Әр сан нені білдіретіні түсіндіріледі:

1-қадам: Қағазды тең ортасынан бүктеу.

2-қадам: Жоғарғы бұрыштарын ортаға қарай үшбұрыш жасап қайыру.

3-4 қадам: Төменгі бос шеттерін жоғары қайырып, бұрыштарын бекіту (бас киімге ұқсас пішін шығады).

5-6 қадам: Ортасынан ашып, шаршы (ромб) пішініне келтіру.


7-8 қадам: Төменгі бұрыштарын қайтадан жоғары қайырып, кіші үшбұрыш жасау және тағы бір рет ромбқа айналдыру.

9-қадам: Екі шетінен тартып, қайықты ашу.

3. «Кім жылдам?» жарысы: Балалар нұсқаулыққа қарап, өз бетінше қайықтарын құрастырады. Тәрбиеші қиналған балаларға көмектеседі. Қайық дайын болған соң, оны әркім өз қалауынша бояп немесе ат қойып безендіреді.

4. Қорытынды (Сынақ): Дайын болған қайықтарды суы бар науаға салып, «Жел айдау» арқылы (үрлеп) жарыстырады. Қайығы суға батпай, мәреге бірінші жеткен бала «Ең үздік теңізші» атанады.

Ойынның нәтижесі: Бала өз қолымен жасаған затының нәтижесін көреді, сызбамен жұмыс істеуді үйренеді және «ұзын», «қысқа», «үшбұрыш», «ромб» сияқты геометриялық ұғымдарды бекітеді.



«Ненің төлі жоқ?» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды жабайы аңдарды ажырата білуге және олардың төлдерін атай білуге үйрету; жабайы аңдарға қамқор бола білуге тәрбиелеу. Ойынның ережесі: жабайы аңдар ойыншықтары үстел үстінде тұрады. Балалар ойыншықтарды мұқият қарап алады. Педагогтің белгісі бойынша көздерін жұмады, сол кезде педагог жабайы бір аңның төлін тығып тастайды. Педагог ненің төлі жоқ деп сұрайды? Балалар жауап беру керек. Ойын бірнеше рет жалғастырылады. Осы ойынға сәйкес сурет сал, ойынның міндеті мен шарты болсын, сосын балдарға сурет салдыр

Балаларға арналған сурет салу тапсырмасы

Тапсырма: «Менің сүйікті жабайы аңым және оның төлі»

Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, жабайы аңдар мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.

Нұсқаулық:

1. Балалар, бүгін біз «Ненің төлі жоқ?» деген қызықты ойын ойнадық. Сендер жабайы аңдар мен олардың төлдерін жақсы білесіңдер.
2. Енді, әрқайсың өздеріңе ең қатты ұнайтын жабайы аңды және оның кішкентай төлін таңдаңдар.
3. Түрлі-түсті қарындаштар мен бояуларды алып, ақ қағазға сол аң мен оның төлін бірге салып беріңдер.
4. Аң мен төлдің бір-біріне ұқсайтынын, бірақ көлемі әртүрлі екенін көрсетуге тырысыңдар (анасы үлкен, төлі кішкентай).
5. Суретті салғанда, аң мен төлдің қайда тұрғанын (орманда, тауда, үңгірде) бейнелеп, айналасына табиғат көрінісін қосуға болады (ағаштар, шөптер, гүлдер, т.б.).
6. Суретті салып болған соң, аң мен төлдің атын атап, олардың неліктен сендерге ұнайтынын айтып беріңдер.

Көрнекілік материал: (Балаларға идея беру үшін аю мен қонжық, қасқыр мен бөлітірік, түлкі мен мыршай бейнеленген қарапайым суреттерді көрсетуге болады).

Балалардың суреттеріне қойылатын талаптар:

- Суретте жабайы аң (ересек) және оның төлі бірге бейнеленген.
- Анасы мен төлі көлемі бойынша ажыратылады.
- Сурет түрлі-түсті, анық, ұқыпты орындалған.
- Бала өз суреті туралы қысқаша әңгімелеп бере алады.

Бұл тапсырма ойыннан алған әсерлерін бекітуге, шығармашылық ойлауды және моториканы дамытуға көмектеседі.

